


ЛЕГКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

январь-июль 2023 г.



109,6
МЛРД ТГ



121%
ИФО

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$53,9
МЛН



ЭКСПОРТ




РЫНОК

\$1 972,7
МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ

2023 ж. қаңтар-шілдедегі жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі **2023 жылғы қаңтар-шілдеде 109,6 млрд теңгені** құрады, бұл, номиналды көріністе 2022 жылғы осы кезең деңгейінен **29,9% жоғары**. Өсу жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады. Текстиль бұйымдары өндірісінде (+40,7%), киім өндірісінде (+19,3%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+13,8%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2022 жылғы қаңтар-шілдеде 2023 жылғы қаңтар-шілдемен салыстырғанда **121%** құрады. ФКИ өсуі текстиль бұйымдары өндірісінде (**137,3%**), киім өндірісінде (**101%**) байқалады, алайда, былғары және оған жататын өнім өндірісінде төмендеу (**90,3%**) байқалады.

Текстиль өнімі өндірісінде (+37,3%): ең жоғары өсу төмендегі тауарлар бойынша: кілемдер мен иоқыма еден жабындары *8,7 есе*, бөлшек саудаға қойылмаған, тарақпен таралған иірілген мақта жіп *5,3 есе*, түкті маталар және басқа да арнайы маталар *3,7 есе*, төсек орын жабдығы *3,3 есе*, тоқылмаған материалдар және тоқылмаған материалдардан жасалған киімнен басқа бұйымдар *2,6 есе* және т.б.

Киім өндірісінде (+1%): осы сектордың төмендегі тауарларында ең жоғары өсу байқалады: әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа блузкалар, жейделер және батниктер *3,3 есе*, ерлерге және ұл балаларға арналған трикотаждан басқа майкалар және күпәйкелер, іш киімдер, іш көйлектер, пижамалар, халаттар және осыған ұқсас бұйымдар *2,4 есе*, әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа костюмдер мен жиынтықтар *51,3%*, свитер, джемпер, пуловер, кардиган, жилет және осыған ұқсас трикотаж, жүн аралас және таза жүнді бұйымдар *44,8%* және т.б.

Былғары және оған жататын өнім өндірісінде (-9,7%): төмендегі тауарларды ең жоғары төмендеу болды: түксіз ірі қараның бүтін терісінен жасалған былғары *71,8%*, тұмсықты қорғайтын металл қалпақтары бар аяқ киімді қоспағанда, резеңкеден немесе полимерлі материалдардан жасалған табаны мен үстіңгі жағы бар су өткізбейтін аяқ киім *45,6%*, басқа топтарға қосылмаған арнайы аяқ киім *37,3%*, басқа топтарға қосылмаған әр түрлі арнайы ағаштан жасалған аяқ киім *35%* және иленген тері *8%*.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** **2023 жылғы қаңтар-маусымда 53,9 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңнен **35,8% жоғары**.

Экспорт жеткізулердің өсуі былғары және оған жататын өнімде *2,2 есе*, киім тауарларында *86,5%* байқалады.

Экспорт жеткізулердің қысқаруы текстиль өнімі тауарларында *0,8%* болды. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Қырғызстан.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** **2023 жылғы қаңтар-маусымда 1 972,7 млн АҚШ долл.** құрады, бұл, 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда *94,5%* жоғары. Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл

өнеркәсіптің барлық секторларында байқалады: текстиль бұйымдары (+54,6%), киім (+2,2 есе), былғары және оған жататын өнім (+98,6%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Түркия, Ресей.

2023 жылғы қаңтар-маусымда ҚР жеңіл өнеркәсіп нарығының көлемі 2 134 млн АҚШ долл. (964,3 млрд теңге) құрады, онда ОТӨ үлесі 7,6%, импорт өнім үлесі – 92,4%.

Сала бес өңірде жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді: Шымкент қ., Түркістан облысы, Алматы қ., Алматы облысы және Ақмола облысы. Жеңіл өнеркәсіп үлесі Шымкент қ. республиканың жалпы көлемінің 18% құрайды. Түркістан облысы – 17,4%, Алматы қ. – 8%, Алматы облысы – 7% және Ақмола облысы – 6,6%.